

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КЕАҚ «АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»
ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙІ» КММ



BAITURSYNULY
UNIVERSITY

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

● **БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР:
ЖАҢА ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТИІМДІ ШЕШІМДЕР**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары



АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

**ТЕХНОЛОГИИ И ИННОВАЦИИ
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ РЕШЕНИЯ**

материалы международной
научно-практической конференции

Қостанай қ., 2026 ж.
г. Қостанай, 2026 г.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ / РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, география ғылымдарының докторы, доцент, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, Қазақстан; **Наурызбаева Эльмира Кенжеғалиқызы**, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры; **Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры; **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтының (университет) профессоры; **Есіркепова Кенжегүл Қабылғазықызы**, филология ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының директоры; **Ибраева Айман Елемановна**, Қостанай облысы әкімдігінің Білім басқару басшысы; **Калимжанова Роза Лаиковна**, PhD докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі; **Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Смаглий Татьяна Ивановна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессоры; **Жетписбаева Айсылу Айратовна**, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Білім беру тәжірибесіндегі технологиялар мен инновациялар: жаңа қиындықтар мен тиімді шешімдер»:
Б 94 Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: 13 ақпандағы 2026 жылдың – Қостанай: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2026. – 2418 б. = Технологии и инновации в образовательной практике: новые вызовы и эффективные решения: Материалы международной научно-практической конференции: 13 февраля 2026 года. – Костанай: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2026. – 2418 с.

ISBN 978–601–356–659–7

Жинақта «Білім беру тәжірибесіндегі технологиялар мен инновациялар: жаңа қиындықтар мен тиімді шешімдер» атты Алтынсарин оқулары Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары бар. Бұл конференциялар «Адал Азамат» ұлттық бағдарламасын іске асырудың жалпы бағыттары мен үрдістерін анықтайды, соның ішінде жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытудың құндылық аспектілері, жаһандық контексте ұлттық білім беру нұсқауларын қайта қарастыру және жаңартудың озық тәжірибелерін көрсету, жас ұрпақта азаматтық бірегейлік пен патриоттық құндылықтарды дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі және жасанды интеллекті заманауи білім беру процесіне жүйелі түрде енгізудің инклюзивті тәжірибелері мен әдіснамасының қысқаша мазмұны.

Конференция материалдарында Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасының білім берудің құндылықтық мағыналары бойынша заманауи нұсқаулар контекстіндегі өзектілігі, оқыту мен тәрбиелеудің аксиологиялық аспектілерінің ғылыми негіздері, сондай-ақ мұғалімдердің ұлттық білім берудегі заманауи қиындықтарға дайындығы мәселелері және мұғалімдердің цифрлық ресурстарды пайдалана отырып, инновациялық қызметке педагогикалық құзырлығы талқыланады.

Бұл жинақтағы материалдар ғалымдар, университеттер мен колледждер профессорлары, мектеп және мектепке дейінгі мекемелер мұғалімдері, білім беру саласындағы психологтары, магистранттар мен студенттер үшін қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Технологии и инновации в образовательной практике: новые вызовы и эффективные решения», определяющие общие направления и тенденции внедрения национальной программы «Адал азамат», такие, как ценностные аспекты воспитания и образования молодого поколения, демонстрация лучших практик по переосмыслению и актуализации национальных ориентиров образования в глобальном контексте, научно-методическое обоснование формирования гражданской идентичности и патриотических ценностей обучающихся, обобщение инклюзивных практик и методологии системной интеграции искусственного интеллекта в современный образовательный процесс.

Материалы Конференции посвящены обсуждению актуальности педагогического наследия Ы. Алтынсарина в контексте современных ориентиров ценностных смыслов воспитания, научных основ аксиологических аспектов обучения и воспитания, а также вопросы готовности педагогов к современным вызовам в отечественном образовании, к инновационной деятельности с использованием цифровых ресурсов. Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-659-7



9 786013 566597

УДК 37.013.75:371.3
ББК 74.04+74.202

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2026
© Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, 2026



8. Собкин, В. С., Смыслова, М. М., Калашникова, Е. А., Адамчук, Д. В. К вопросу о социальном самочувствии студентов вузов // Теоретическая и экспериментальная психология. – 2025. – № 18(3). – С. 61–71. <https://doi.org/10.11621/TEP25-21>

9. Симонович Н. Е. Понятие и содержательные аспекты социального самочувствия // Вестник РГГУ. Серия «Психология. Педагогика. Образование». – 2012. – № 5. – С. 258–265.

10. Кошарная Г. Б., Корж Н.В. Социальное самочувствие студенческой молодежи (региональный аспект) // Вестник РУДН. Серия: Социология. – 2020. – Т. 20. – № 4. – С. 905–918.

ӘОЖ 373.5.94

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Темірбаева Гүлсім Сәуарқызы,
тарих пәнінің мұғалімі, педагог–сарапшы,
Қызылорда облысының білім басқармасының
Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің
«А. Жанпейісов атындағы № 105 мектеп–лицейі» КММ,
Қызылорда қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында оқушылардың азаматтық бірегейлігін қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылады. Азаматтық бірегейлік – тұлғаның мемлекетке, қоғамға деген жауапкершілігін, ұлттық құндылықтарға адалдығын білдіретін маңызды ұғым. Мақалада тарихи білім беру арқылы оқушылардың азаматтық санасын дамыту әдістері, оқытудың мазмұны мен формалары, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби рөлі талданады. Қазақстан тарихы сабағында қолданылатын практикалық тәсілдер мен тәрбиелік мүмкіндіктер көрсетіледі.

Түйінді сөздер: азаматтық бірегейлік, патриоттық тәрбие, Қазақстан тарихы, ұлттық құндылықтар, тарихи сана.

Аннотация

В данной статье рассматриваются эффективные пути формирования гражданской идентичности учащихся при изучении предмета «История Казахстана». Гражданская идентичность – это важное понятие, отражающее ответственность личности перед государством и обществом, а также преданность национальным ценностям. В статье анализируются методы развития гражданского сознания учащихся через историческое образование, содержание и формы обучения, а также профессиональная роль учителя. Представлены практические подходы и воспитательные возможности, используемые на уроках истории Казахстана.

Ключевые слова: гражданская идентичность, патриотическое воспитание, история Казахстана, национальные ценности, историческое сознание.

Abstract

This article explores effective ways to develop students' civic identity in the teaching of the subject "History of Kazakhstan." Civic identity is an important concept reflecting an individual's responsibility to the state and society, as well as loyalty to national values. The article analyzes methods for fostering students' civic consciousness through historical education, including the content and forms of teaching, as well as the professional role of the teacher. Practical approaches and educational opportunities used in History of Kazakhstan lessons are also presented.

Key words: civic identity, patriotic education, History of Kazakhstan, national values, historical consciousness.

Қазіргі қазақстандық қоғамда азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Жаһандану үдерісі, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, әлеуметтік желілер мен цифрлық медианың ықпалы жастардың дүниетанымына әртүрлі әрі





кейде қарама–қайшы әсер етуде. Мұндай жағдайда жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға, тарихи жадыға және мемлекеттік тұтастыққа деген көзқарасын қалыптастыру білім беру жүйесінің басты міндеттерінің біріне айналуда. Осындай қоғамдық өзгерістер аясында мектептегі білім беру жүйесінің, соның ішінде Қазақстан тарихы пәнінің рөлі арта түседі.

Қазақстан тарихы – оқушыларға елдің өткені мен бүгінін танытып қана қоймай, олардың ұлттық сана–сезімін, отансүйгіштік қасиетін, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыратын маңызды пән. Бұл пән арқылы оқушылар мемлекеттіліктің қалыптасу жолын, тарихи сабақтастықты, тәуелсіздік құндылығын терең түсінеді. Тарихи оқиғалар мен тұлғалардың қызметін зерделеу жас ұрпақтың ел тағдырына немқұрайлы қарамауына, өзін Қазақстан Республикасының толыққанды азаматы ретінде сезінуіне ықпал етеді.

Сондықтан тарих сабағында азаматтық бірегейлікті дамыту жолдарын жүйелі түрде қарастыру, пән мазмұнын тәрбиелік тұрғыда байытып, заманауи педагогикалық әдістермен ұштастыру өзекті болып табылады. Бұл үдеріс оқушылардың тек білім деңгейін арттырып қана қоймай, олардың қоғамдағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда Қазақстан тарихы сабағында қолданылатын практикалық тапсырмалардың маңызы зор. Мұндай тапсырмалар оқушыларды тарихи білімді саналы түрде қабылдауға, оны азаматтық тұрғыдан бағалауға бағыттайды [1, 28–33 бб.].

Мысалы, «Тарихи тұлғаға баға беру» тапсырмасы барысында оқушылар Абылай хан, Кенесары Қасымұлы немесе Әлихан Бөкейханның қызметін зерттеп, «Бұл тұлғаның ел тәуелсіздігін сақтаудағы рөлі қандай?» деген сұраққа жауап береді. Бұл тапсырма оқушылардың тарихи дерекпен жұмыс істеу дағдысын дамытып қана қоймай, ел тағдырына жауапкершілікпен қарау сезімін қалыптастырады.

Жобалық жұмыс ретінде «Менің өлкем тарихындағы азаматтық ерлік» тақырыбында шағын зерттеу жүргізу ұсынылады. Бұл жұмыс оқушыларға туған өңірінің тарихи ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылар туған жеріндегі тарихи орындар, батырлар, қоғам қайраткерлері немесе маңызды оқиғалар туралы ақпарат жинайды, деректерді талдап, олардың қоғамға, елге қосқан үлесін анықтайды.

«Менің өлкем тарихындағы азаматтық ерлік» тақырыбында шағын зерттеу жүргізу ұсынылады. Бұл жұмыс оқушыларға туған өңірінің тарихи ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Оқушылар туған жеріндегі тарихи орындар, батырлар, қоғам қайраткерлері немесе маңызды оқиғалар туралы ақпарат жинайды, деректерді талдап, олардың қоғамға, елге қосқан үлесін анықтайды.

Жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы зерттеу процесі тиімдірек болады. Мысалы:

– Тарихи мәліметтерді іздеу: ChatGPT немесе басқа сенімді ЖИ платформалары арқылы оқушылар тарихи деректерді, фото және құжаттық мәліметтерді тез тауып, оларды салыстыра алады.

– Мәтінді талдау және қорытынды жасау: ЖИ құралдары мәтіннен негізгі ойларды шығарып, зерттеу жұмысына аналитикалық бөлім қосуға көмектеседі.

– Презентация жасау: ЖИ көмегімен визуалды материалдар, инфографика немесе қысқа бейнематериал жасауға болады, бұл оқушылардың қорғау қабілетін арттырады.





– Тілдік қолдау: Егер оқушылар жұмысты ағылшын немесе орыс тілінде де қорғағысы келсе, ЖИ мәтінді аударып немесе редакциялап береді.

Жобалық жұмыс барысында әр оқушы немесе топ өз зерттеу нәтижесін сынып алдында қорғайды. Мысалы, белгілі бір батырдың ерлігін сипаттап, оның ел тарихындағы рөлін көрсету; тарихи ескерткіштер мен мемориалды орындарды зерттеп, олардың қазіргі күнге дейінгі әлеуметтік және мәдени мәнін түсіндіру.

Мұндай тәжірибе оқушылардың тек тарихи білімін арттырып қана қоймай, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін және азаматтық бірегейлігін нығайтады. Сонымен қатар, ЖИ құралдарын пайдалану зерттеу дағдыларын, сыни ойлау қабілетін, ақпаратты жүйелеу мен ұсыну машықтарын дамытуға ықпал етеді. Топтық қорғау элементтері әлеуметтік қарым–қатынас, пікірталасқа қатысу және жауапкершілік сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

Бұл тәжірибе оқушылардың тек тарихи білімін арттырып қана қоймай, туған жеріне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін және азаматтық бірегейлігін нығайтады. Сонымен қатар, жобалық жұмыс оқушылардың зерттеу дағдыларын, сыни ойлау қабілетін және ақпаратты жүйелеу мен ұсыну машықтарын дамытады. Топтық қорғау элементтері әлеуметтік қарым–қатынас, пікірталасқа қатысу және жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді [2, 12–23 бб.].

Сабақ барысында пікірталас элементтерін қолдану педагогикалық тәжірибеде тиімді әдіс болып табылады. Пікірталас оқушыларға тарихи оқиғаларды тек қабылдап қана қоймай, оларды сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Тәуелсіздік үшін күрестің тарихи маңызы» немесе «1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қазіргі Қазақстан үшін мәні» тақырыптарында ұйымдастырылған пікірталас сабақтары оқушылардың тарихи фактілерді салыстыра білу, себеп–салдарлық байланыстарды анықтау, өз көзқарасын логикалық дәлелдермен қорғау қабілетін дамытады.

Пікірталас әдісін қолдану нәтижесінде оқушыларда азаматтық ұстаным қалыптасады, олар елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттік мүдделерін бағалай білуге үйренеді, қоғамдық мәселелерге жауапкершілікпен қарау сезімі нығаяды. Сонымен қатар, топтық пікірталас форматы әлеуметтік қарым–қатынас дағдыларын жетілдіруге, әртүрлі көзқарастарды құрметтеп тыңдауға, диалогтік мәдениетті дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, рөлдік ойындар арқылы тарихи жағдайды сезіну мүмкіндігі беріледі. Мысалы, «Қазақ хандығы құрылтайы» рөлдік ойынында оқушылар хан кеңесінің мүшелері ретінде хандықты басқарудың маңызды мәселелерін талқылайды: салық жинау, ел қорғанысын ұйымдастыру, сыртқы саясаттағы шешімдерді қабылдау. Бұл оқушыларға сол дәуірдің әлеуметтік–саяси ахуалын түсінуге, әр шешімнің мемлекеттің тағдырына әсерін азаматтық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

«Алаш зиялыларының кеңесі» рөлдік тапсырмасы кезінде оқушылар Алашорданың мүшелері рөлін алып, ұлттық мүддені қорғау, білім беру және әлеуметтік реформаларды талқылау сияқты тарихи мәселелерді шешеді. Бұл тәжірибе тарихи тұлғалардың қызметін талдауға, олардың шешімдеріндегі жауапкершілік пен елге деген адалдықты бағалауға ықпал етеді [3, 17–23 бб.].

Қосымша практикалық мысал ретінде, менің тәжірибемде 9–сынып оқушыларымен «Тәуелсіздікке жету жолындағы батырлар» тақырыбында рөлдік ойын өткізілді. Оқушылар белгілі батырлардың рөлін ойнап, олардың тарихи әрекеттерін дәлелдеді және сол арқылы сыныптағы пікірталастарда өз көзқарасын қорғады. Бұл сабақ барысында оқушылар тек тарихи деректерді меңгеріп қана қоймай, туған жеріне, ел тарихына деген құрмет сезімін арттырды.





Осы практикалық тапсырмалар Қазақстан тарихы сабағын тек білім беретін пән ғана емес, оқушылардың азаматтық бірегейлігін, патриоттық құндылықтарын және тарихи сана–сезімін қалыптастыратын тәрбиелік кеңістікке айналдырады. Рөлдік ойындар оқушыларды белсенді қатысушы ретінде тартып, сыни ойлау, топтық жұмыс және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Қазақстан тарихы пәні мазмұны жағынан азаматтық бірегейлікті дамытуға мол мүмкіндік береді. Мемлекеттіліктің қалыптасуы, Қазақ хандығы, ұлт–азаттық қозғалыстар, тәуелсіз Қазақстанның дамуы сияқты тақырыптар оқушылардың тарихи санасын қалыптастырады және олардың ел тағдырына деген қатынасын қалыптастырады.

Тарихи деректерді талдау, тарихи тұлғалардың қызметін бағалау, себеп–салдарлық байланыстарды анықтау арқылы оқушыларда ел тағдырына бейжай қарамау, өз көзқарасын дәлелдей білу дағдылары қалыптасады. Мысалы, менің тәжірибемде «Желтоқсан оқиғасы» тақырыбын қарастырған кезде оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа оқиғаның әртүрлі көзқарастарын зерттету әдісін қолдандым. Бір топ оқиғаның саяси мәнін талдаса, екіншісі жастардың рөлін зерттеді. Соңында әр топ өз қорытындысын сынып алдында қорғады. Бұл тәсіл оқушылардың тарихи деректермен жұмыс істеу қабілетін дамытып қана қоймай, олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, патриоттық сезімін арттыруға ықпал етті [4, 34–52 бб.].

Сондай–ақ, «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбында рөлдік ойындар ұйымдастырдым: оқушылар хан кеңесі мүшелерінің рөлін алып, хандықты басқарудың қиындықтары мен шешім қабылдаудың тарихи маңызын талқылады. Бұл тәжірибе оларға ел тарихын терең түсінуге ғана емес, тарихи шешімдердің қазіргі өмірге әсерін байқауға мүмкіндік берді.

Қазақстан тарихы сабағында қолданылатын практикалық әдістер мен авторлық тәжірибелер оқушылардың азаматтық бірегейлігін дамытуға бағытталған тиімді құрал болып табылады. Тарихи білім тек фактіні жеткізу үшін емес, оқушылардың патриоттық сезімін, жауапкершілік пен тарихи сана–сезімін қалыптастыру үшін маңызды.

Кесте 1–Қазақстан тарихы сабағында азаматтық бірегейлікті дамыту үшін келесі әдістер тиімді.

Әдіс–тәсіл	Мақсаты	Мысалдар / Практикалық қолдану
Жобалық және зерттеу жұмыстары	Оқушыларды өздігінен ізденуге, тарихи тақырыптарды зерттеуге ынталандыру	«Менің өлкем тарихындағы маңызды оқиғалар» тақырыбында зерттеу жобасы. Оқушылар туған жерінің тарихи тұлғаларын, ескерткіштерін зерттеп, постер немесе презентация жасайды.
Дискуссия мен пікірталас	Тарихи оқиғаларға азаматтық тұрғыдан баға беруге үйрету	«1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тәуелсіздік үшін мәні қандай?» тақырыбында топтық пікірталас. Әр топ оқиғаның саяси, әлеуметтік, жастарға әсерін талдайды.
Өлкетану материалдарын пайдалану	Оқушының туған жеріне деген жауапкершілігін арттыру	Мектеп жанындағы тарихи орындарға экскурсия, «Менің туған жерімнің батырлары» тақырыбында топтық жұмыс. Оқушылар фотосуреттер, деректер жинап, қысқа бейнематериал жасайды.
Интерактивті әдістер (рөлдік ойын, кейс–стади)	Тарихи жағдайды сезінуге, азаматтық ұстанымды қалыптастыруға мүмкіндік беру	«Қазақ хандығының құрылтайы» рөлдік ойыны. Оқушылар хан кеңесінің мүшелері рөлін алып, елдің маңызды шешімдерін талқылайды. Кейс–стади: «Тәуелсіздік үшін күресте шешім қабылдау» тақырыбында нақты тарихи жағдайды талдау.





Мұғалімнің басты міндеті – тарихи ақпаратты тек жеткізуші емес, оқушының азаматтық көзқарасын қалыптастырушы тұлға ретінде әрекет ету. Яғни, мұғалім сабақ барысында тек деректерді беріп қана қоймай, оқушыға оларды талдап, салыстырып, өз пікірін қалыптастыруға жағдай жасайды. Мысалы, әр сабақта оқушыларға тек оқиғаны баяндап бермеу, оны талдау үшін сұрақтар қою:

- «Бұл шешімнің елге әсері қандай болды?»
- «Бүгінгі күнмен салыстырғанда қандай ұқсастықтар бар?»
- «Осы тарихи тұлғаның іс-әрекетінен біз қандай азаматтық сабақ ала аламыз?»

Осы тәсілдер Қазақстан тарихы сабағын тек білім беру процесі емес, оқушылардың патриоттық құндылықтарын, азаматтық ұстанымын қалыптастыратын педагогикалық құралға айналдырады.

Қазақстан тарихы сабағы – оқушылардың азаматтық бірегейлігін қалыптастырудағы маңызды құралдардың бірі. Пән мазмұны мен оқыту әдістерін тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі, патриоттық құндылықтары және азаматтық жауапкершілігі дамиды.

Біріншіден, Қазақстан тарихы сабағы тарихи деректерді меңгерту арқылы оқушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттырады. Бұл олардың туған жеріне және мемлекетке деген құрмет сезімін қалыптастырады. Мысалы, Мұқағали Мақатаевтың «Өлең – елдің жаны» деген сөздері оқушылардың туған елге деген махаббатын терең сезінуге көмектеседі.

Екіншіден, әртүрлі педагогикалық әдістерді қолдану – жобалық жұмыстар, пікірталас, рөлдік ойындар, кейс-стади – оқушылардың өз пікірін дәлелдей білу дағдысын дамытып, азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Мұғалім тек білім беруші емес, оқушылардың азаматтық көзқарасын қалыптастырушы жетекші ретінде әрекет етеді. Осы тұрғыда Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шығармаларынан алынған «Халық тарихын білу – өз тағдырыңды тану» деген ой сабақта оқушыларға нақты бағыт береді.

Үшіншіден, азаматтық бірегейлікті дамыту – бір реттік іс-шара емес, үздіксіз педагогикалық үдеріс. Қазақстан тарихы пәні осы үдерісте жас ұрпақты елін сүйетін, қоғамға жауапкершілікпен қарайтын саналы азамат етіп тәрбиелеуге қызмет етеді. Жамбыл Жабаевтың өлеңіндегі «Бір елге қызмет ету – әрбір адамның борышы» деген жолдар оқушыларды патриоттық сезімге ынталандырады. Оқушылардың патриоттық сезімі мен азаматтық жауапкершілігін дамыту – болашақта қоғамның тұрақтылығы мен елдің бірлігін сақтаудың кепілі болып табылады.

Қазақстан тарихы сабағында тарихи деректер, практикалық тапсырмалар және әдеби шығармалар сабаққа біріктірілгенде, оқушылардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық құндылықтары тиімді қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы пәні бағдарламасы //Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. – 2017. URL: <https://www.edu.gov.kz>. (қолжетімді 09.01.2026).
2. Мұқағали, М. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Жазушы, 2010. – 256 б.
3. Жабаев, Ж. Өмір және өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2009. – 312 б.
4. Сейітов, Б. Патриотизм және азаматтық тәрбие. – Астана: Фолиант, 2017. – 128 б.



АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: МӘСЕЛелЕРІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

4 СЕКЦИЯ

ФОРМИРОВАНИЕ ГРАЖДАНСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ И ПАТРИОТИЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ ЛИЧНОСТИ: ПРОБЛЕМЫ И ОПЫТ

Абиева Айнура Сералеевна, Смаглий Татьяна Ивановна	<i>Внутренние ресурсы личности как фактор психологической безопасности старшеклассников</i>	2124
Азаров Данил Станиславович, Демисенова Шнар Сапаровна	<i>Проблема эмоционального выгорания у будущих педагогов и пути ее решения в образовательной среде вуза</i>	2128
Айтпаева Алия Богдановна, Тогусаева Ажаргуль Казийкановна	<i>Қазіргі мектептегі азаматтық–патриоттық тәрбиенің маңызы</i>	2133
Аманкелді Аяжан, Султанбекова Жадыра Хамитбековна	<i>Дүниетану пәні арқылы бастауыш сынып оқушыларының патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың жолдары</i>	2137
Аманова Жаңыл Жарылкагановна	<i>Абай мұрасы – жастар тәрбиесінің рухани негізі</i>	2141
Арыстан Нұралы Нұрланұлы, Калиева Жанар Шалахановна	<i>Мектеп оқушыларында азаматтық бірегейлік пен патриоттық құндылықтарды қалыптастырудағы ұлттық сананың рөлі</i>	2144
Асанова Карлыгаш Илиукеновна, Сарина Арайлым Амантаевна	<i>Патриотты қалай тәрбиелейміз: мұғалімдерге 10 кеңес</i>	2149
Ахметбекова Зауре Далихатовна	<i>Развитие толерантности в рамках программы «Адал азамат» как основа гражданской идентичности</i>	2153
Байкужаев Рыскелды Дулатович, Семашко Анна Александровна	<i>Инновационные подходы к формированию патриотизма и гражданской ответственности у школьников в условиях цифровой трансформации образования</i>	2157

Бакен Инабат Есенқызы, Усакбаева Гульжанат Сапаровна	<i>Жобалау қызметі арқылы білім алушылардың азаматтық бірегейлігін қалыптастыру тәжірибесі</i>	2160
Балжанова Айгуль Магжановна	<i>Ценностные ориентиры патриотического воспитания личности</i>	2163
Батыр АйымСайлақызы, Байжанова Сауле Аскарбековна	<i>Лэпбук как средство ознакомления с родным краем детей 4–5 лет</i>	2167
Безаубекова Алмагул Даненовна, Дускеева Камилла Бергентаевна	<i>Ыбырай Алтынсарин шығармаларын оқытуда адамгершілікке тәрбиелеу</i>	2171
Бектурганова Римма Чингизовна	<i>Мотивациякисследовательскойиинновационной деятельности как фактор профессионального становления будущего педагога</i>	2177
Гербут Елена Анатольевна	<i>Роль искусственного интеллекта в формировании гражданской идентичности и сохранении национальных культур</i>	2188
Дерендяева Мария Витальевна, Естигнеева Дарья Николаевна	<i>Игра как инструмент воспитания гражданских качеств: сюжетно–ролевые и настольные игры о Родине</i>	2192
Дуйсбаева Гулдерай Серикқызы	<i>Трансформация нравственно–культурных ценностей в условиях глобализации: казахстанский контекст</i>	2195
Еслямгалиева Зоя Сейсембаевна	<i>Психолого–педагогические аспекты формирования гражданской ответственности и патриотизма на разных возрастных этапах обучения: из опыта работы</i>	2200
Жармаганбетова Жаңагүл Рахымжанқызы	<i>Музыкалық тәрбие беруде домбыра аспабының маңызы</i>	2206
Зулпқарова Турсынай Нурболатовна	<i>Әлем тарихындағы саяси және рухани көшбасшылық: билік, заң және қоғам дамуы</i>	2211
Изтелеуова Айгерим Кажмукановна	<i>Білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңызы</i>	2217



Казиева Айгүль Айтқожиновна	<i>Қазіргі мектептегі азаматтық тәрбие жүйесіндегі қазақ ағартушылары мұрасының маңызы</i>	2221
Кайырбекова Меруерт Кадырхановна	<i>Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары контекстіндегі заманауи оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастыру</i>	2224
Калиниченко Оксана Викторовна, Назмутдинов Ризабек Агзамович	<i>Формирование гражданской идентичности молодежи</i>	2228
Касенова Норгүль Шакировна, Серикбаева Роза Назымовна	<i>Бастауыш сынып оқушыларында патриоттық тәрбиені сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастыру</i>	2232
Кишкімбаева Замира Болатбековна, Шалгимбекова Кенжегүль Сапышевна	<i>Психолого–педагогические условия формирования ответственного поведения подростков в школьной воспитательной среде</i>	2238
Ковальчук Инесса Николаевна, Иваненко Лариса Анатольевна	<i>Системный подход к профессиональному воспитанию будущего учителя</i>	2244
Кривчикова Анастасия Владиславовна, Дорош Наталья Леонардовна	<i>Роль воспитательной работы в формировании творческой молодежи на факультете искусств и дизайна</i>	2249
Кусаинова Тамаша Бахитжановна, Абилова Кенжегүль Укаповна	<i>Қазақ тілі сабақтары арқылы оқушылардың азаматтық бірегейлігін қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері</i>	2252
Лихорад Оксана Ивановна	<i>Развитие патриотической культуры у студентов педагогических специальностей: трудности и пути решения</i>	2258
Маркина Зейнеп Бакитжановна	<i>«Туған жер–алтын бесігім» бағдарламасының шәкірт бойына құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі</i>	2262
Нуржанова Жанат Турсынбаевна, Якупова Нургул Адильхановна	<i>Білім берудегі тәрбие мен оқытудың негіздерінде жеке тұлғаның патриоттық құндылықтарын қалыптастыру</i>	2267





Нуркина Тамара Чайзатовна	<i>Творчество Ибрая Алтынсарина как воплощение идей народной педагогики в воспитании патриотизма и гражданской идентичности в системе начального образования</i>	2270
Орақова Амангүл Шахарбековна, Батталова Бегімай Бекмұратқызы	<i>Көркем еңбек пәнінің ұлттық мәдени мұрамен байланысы: тәрбиелік әлеуеті мен құндылықтық бағыттары</i>	2275
Прасолова Ольга Евгеньевна	<i>Чтение на каникулах как эффективное средство формирования гражданской идентичности младших школьников</i>	2280
Рахимжанова Рыскул Дуанбековна	<i>Цифрлық білім ресурстарын қолдану арқылы өзге тілді оқушыларды патриоттық құндылықтарға баулу</i>	2284
Сайлаухан Абылай Беркінұлы, Мамбетов Жолдасбек Ормаханұлы	<i>Бақсылық дәстүр және оның қазақ әдебиетінде бейнеленуі</i>	2289
Сафарян Лариса Викторовна, Черноус Ольга Анатольевна	<i>Формирование основ гражданской идентичности и патриотических ценностей у детей 3–х в условиях дошкольной организации на основе программы «Адал азамат»</i>	2295
Серікбай Оспанов, Мырзағалиева Күлзада Мешитбаевна	<i>Ыбырай Алтынсарин еңбектерінің замандастарына, кейінгі ұрпаққа әсері</i>	2298
Серикова Айнагуль Аргынтаевна, Сагиева Аружан Мейрамбекқызы	<i>Генеративті жасанды интеллект арқылы математика сабағында ұлттық мазмұнды модельдеу</i>	2303
Сигида Дарья Андреевна	<i>Ценности, мотивы и ориентации личности в системе управления</i>	2308
Смоляная Марина Николаевна	<i>Формирование модели «Адал азамат» в современной школе</i>	2311
Solomakha Anastasia Dmitrievna	<i>Methodology for forming digital civil literacy among teenagers</i>	2318
Султанова Айкерим Малшыбаевна	<i>Азаматтық бірегейлік пен патриоттық құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық мәселелері</i>	2321





Сүлеймен Диас Мәлікұлы, Смаглий Татьяна Ивановна	<i>Проблема социального самочувствия в психолого–педагогической литературе</i>	2325
Темірбаева Гүлсім Сәруарқызы	<i>Қазақстан тарихы сабағында азаматтық бірегейлікті дамыту жолдары</i>	2330
Толегенова Шолпан Толегеновна	<i>Роль организаций образования в формировании активной гражданской позиции и патриотизма</i>	2335
Туболец Светлана Григорьевна, Щепеткова Наталья Владимировна	<i>Формирование национальных ценностей в образовательном процессе начальной школы</i>	2338
Умарова Бибигуль Ахметкалиевна, Хасенова Мадина Маратовна	<i>Жаһандану жағдайында жеке тұлғаның азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мәселелері (бастауыш мектептегі білім беру мысалында)</i>	2343
Успанова Жұлдыз Айтжановна	<i>Азаматтық бірегейлік – болашақ қоғамның тірегі</i>	2347
Утесова Гүлжан Көшербайқызы, Романкулова Айгул Оразаухановна	<i>Азаматтық бірегейлік пен отансүйгіштік: жастар тәрбиесіндегі өзекті мәселелер</i>	2350
Шакина Инна Михайловна	<i>Роль уроков литературы в формировании гражданской идентичности и патриотических ценностях школьников</i>	2354
Шалгимбеков Айбек Батырханович, Ковальчук Наталья Васильевна	<i>Интеграция ценностей «Адал азамат» в содержание уроков истории</i>	2359
<i>Резолюциясы / Резолюция.....</i>		2363
<i>Содержание пленарных докладов / Пленарлық баяндамалар мазмұны.....</i>		2371
<i>Содержание 1 секции / 1 секция мазмұны</i>		2372
<i>Содержание 2 секции / 2 секция мазмұны</i>		2394
<i>Содержание 3 секции / 3 секция мазмұны</i>		2400
<i>Содержание 4 секции / 4 секция мазмұны</i>		2413





**«БІЛІМ БЕРУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР:
ЖАҢА ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ТИІМДІ ШЕШІМДЕР» атты
АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ
«ТЕХНОЛОГИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ:
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ И ЭФФЕКТИВНЫЕ РЕШЕНИЯ»**

Материалдар жинағын
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай
өңірлік университеті
Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық
институтының
педагогика, психология және арнайы білім
беру кафедрасында теріліп, беттелді

Компьютерлік беттеу:
Жетписбаева А.А.

Мекен-жай:
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов көш. 47
(Пединститут ғимараты, Тәуелсіздік к-сі
118, 626 каб.)
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (ішкі 120).

Пішімі 60*84/18.
Көлемі 151 б.т.
Электронды нұсқасы университеттің
ksu.edu.kz сайтында орналастырылған
сәуір, 2026 жыл

Сборник материалов набран и сверстан
кафедрой педагогики, психологии и
специального образования
педагогического института
им. У.Султангазина
Костанайского регионального
университета им. Ахмет Байтұрсынұлы

Компьютерная верстка:
Жетписбаева А.А.

Адрес:
110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова 47
(корпус Пединститута, ул.Тәуелсіздік
118, каб. 626).
Тел.: 8 (7142) 54-58-74 (вн.120)

Формат 60*84/18.
Объем 151 п.л.
Электронный вариант размещен на сайте
университета ksu.edu.kz
апрель 2026 год

